- Аспапты іске қосар әр кезде, оны қарап тексеріп шығыңыз. Егер аспап пен қуат адаптеріне зақым келсе (жинаққа кірмейді), ешқандай жағдайда адаптерді розеткаға қоспаңыз.
- Аспап және қуат беру адаптері олар ыстықтың, тура күн сәулелерінің және ылғалдың әсеріне ұшырамайтындай етіп сақталуы тиіс.
- Зарядта тұрған аспапты қадағалаусыз қалдырмаңыз! Егер сіз үй-жайдан шығып кетсеңіз, қуат беру адаптерін ылғи желіден ажыратып қойыңыз.
- Бұл құрал физикалық, жүйке немесе психикалық ауытқулары бар немесе тәжірибе мен білімнің жеткіліксіздігі бар адамдардың (балаларды қоса алғанда) пайдалануына арналмаған, мұндай адамдарға қадағалау жүзеге асырылатын немесе олардың қауіпсіздігіне жауап беретін адамның осы құралды пайдалануына қатысты оларға нұсқау беретін жағдайларды қоспағанда. Балалардың аспаппен ойнауына жол бермеу мақсатында қадағалауды жүзеге асыру қажет.
- Қорек адаптері бар зарядтау базасын судан алыс ұстаңыз.  Қуаттандыру базасын суға немесе басқа сұйықтыққа салмаңыз.
- Құрылғыны тазалағаннан кейін және оны қуат көзіне қосар алдында қуаттандыру базасы толығымен кепкеніне көз жеткізуді сұраймыз.
- Аспапты тек айнымалы ток көзіне (~) қосыңыз. Қосар алдында аспапты желіде қолданылатын кернеуге арналған екеніне көз жеткізіңіз.
- **Кез келген қате қосу Сізді кепілдікті қызмет көрсету құқығынан айырады.**
- Құралды өткір бұрыштарға соғылудан сақтаңыз. Пайдалану аяқталған кезде, құрал сынғанда немесе тазалау кезінде, оны үнемі желіден өшіріп отырыңыз.
- Аспапты желілік баусымынан ұстап тасымалдауға болмайды. Сондай-ақ аспапты желілік баусымынан ұстап, оны желіден ажыратуға тыйым салынады. Аспапты желіден ажыратқанда оны адаптер корпусынан ұстаңыз.
- Аспапты желіге тек қана аспаптың қуат адаптері арқылы қосыңыз.
- Қуаттандыруға арналған баусымды және адаптерді ауыстыруды тек дәл осы үлгінің ұқсас түпнұсқа жинағына ғана жүргізу керек, сервистік орталықтың білікті маман-қызметкерлерінен кеңес алыңыз. Біліксіз жөндеу пайдаланушы үшін тікелей қауіп төндіреді.
- Пайдаланудан кейін ешқашанда да электрлік қуат көзі желісін құралды айналдырып орамаңыз, себебі уақыт өте келе сымның сынуына әкелуі мүмкін. Сақтау уақытында сымды үнемі түзулеп ораңыз.
- Аспапты жөндеу үшін тек түпнұсқа қосалқы бөлшектер пайдаланылуы мүмкін.
- Аспапты құлағаннан кейін, егер зақымданудың көзге көрінетін белгілері бар болса, пайдаланбау керек. Аспап пайдаланар алдында білікті маманмен тексерілуі тиіс.
- Егер Сіз электр тіс щеткасын пайдаланбасаңыз, құрылғыны әрқашан желіден ажыратып қойыңыз.
- Желілік баусымның ыстық және үшкір беттермен жанасуына жол бермеңіз. Желілік баусым оқшауламасының зақымдануына жол бермеңіз.
- Тек қана жиынтыққа кіретін саптамаларды пайдаланыңыз.
- Аспап жеткізілімі жиынтықтамасына кірмейтін аксессуарларды пайдалану Сізді кепілдікті қызмет көрсету құқығынан айырады.



RoHS

Назар аударыңыз! Қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін, аспапын тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамаңыз. Одан әрі кәдеге жарату үшін, оны арнайы пунктке тапсырыңыз. Осы арқылы сіз қоршаған ортаны қорғауға көмектесесіз.



Назар аударыңыз!

Кез келген сипаттағы ақаулықтар пайда болғанда POLARIS авторланған сервистік орталығына хабарласыңыз.

3. ОСЫ АСПАП ҚАУІПСІЗДІГІ БОЙЫНША АРНАЙЫ НҮСҚАУЛАР

- Осы аспап емдік немесе медициналық құрал болып табылмайды. Бұл тұрмыстық мақсаттағы өнім. Пайдалану кезіндегі барлық көрсетімдер, қарсы көрсетімдер және ықтимал асқынулар жөнінде осы құрылғыны пайдалануды бастарға дейін медициналық персоналдан кеңес алыңыз.
- Электрлік тіс щеткасы электромагниттік жабдыққа арналған қауіпсіздік, стандарттар талаптарына сәйкес келеді. Егер Сізде жүрекширатқыштар және басқа имплантталған құрылғылар жөнінде қандай да бір сұрақтарыңыз болса, электрлік тіс щеткасын пайдаланар алдында өзіңіздің дәрігеріңізбен немесе имплантталған құрылғылар өндірушілерінен кеңес алуды сұраймыз.
- Бұл аспап тек қана тістерді, қызыл иекті және тілді тазалауға арналған.
- Оны басқа мақсаттарда пайдаланбауды сұраймыз. Егер Сіз өзіңізді жайсыз сезінсеңіз немесе ауырсынғанды сезінсеңіз, бұл өнімді пайдалануды тоқтатыңыз және дәрігерге жүгініңіз.
- Егер сізде қандай бір медициналық проблемаларыңыз бар болса, осы тіс щеткасын пайдаланар алдында дәрігермен кеңесуді сұраймыз.
- Егер щетка қондырмалары деформацияланған болса, тіс щеткасын пайдалануды тоқтатуды сұраймыз.
- Щетка қондырмасын әр үш ай сайын ауыстыруды сұраймыз.
- Щетка қондырмасын ыдыс жуатын машинада жумауды сұраймыз.
- Щетканың түпнұсқа емес қондырмаларын пайдаланбауды сұраймыз.
- Егер Сіз пайдаланатын тіс паста құрамында пероксид, натрий бикарбонаты немесе басқа бикарбонат (ағартқыш тіс пастада жиі кездесетін ингредиенттер) бар болса, щетка қондырмасын сабынды сумен оны пайдаланған әр кезден кейін мұқият жуып-шаю ұсынылады.
- Іске қосылған тіс щеткасын қолдан түсірмеңіз және оны қатты беттерге қоймаңыз, өйткені жұмыс істеп тұрған аспап құлап, зақымдануы мүмкін.
- Аспапты ауаның теріс температурасында сақтауға болмайды, тек қана жылытылатын үй-жайларда сақтау керек.



Аспаптың қауіптілігі мен істен шығуын болдырмау үшін, зарядтау кезінде металл заттарды зарядтау базасына қоймаңыз.


4. ПАЙДАЛАНУ АЯСЫ

- Аспап осы нұсқаулыққа сәйкес тек қана тұрмыстық пайдалануға арналған. Аспап өнеркәсіптік және коммерциялық пайдалануға арналмаған.
- Өндіруші қате пайдалану немесе осы Пайдалану нұсқаулығында көзделмеген мақсатта нәтижесінде туындаған шығын үшін жауапкершілік алмайды.

5. ЖИЫНТЫҚТАМА

- | | |
|---|---------|
| 1. Аспап | 1 дана. |
| 2. Тіс саптамасы, жұмсақ қылшық | 3 дана. |
| 3. Зарядтау құрылғысы кіріктірілген магниттік төсем зарядтау базасы | 1 дана. |
| 5. Зарядтау базасына арналған USB-сым | 1 дана. |
| 6. Пайдалану жөніндегі нұсқаулық | 1 дана. |

6. АСПАП СИПАТЫ



1. Тіс саптамасы
2. Аспап (тіс щеткасының) корпусы
3. Қосу/өшіру түймесі және режимдерді ауыстырып-қосқыш
4. Жұмыс режимінің жарық индикаторлары
5. «Ұшу» режимінің индикаторы* (ерікті қосудан қорғау)
6. Кіріктірілген батарея зарядының индикаторы
7. Кіріктірілген зарядтау құрылғысы бар магниттік төсем

* ұшақ символы

Жұмыс режимдері:

Жұмыс режимдерін ауыстыру қосу/өшіру түймесін **екі рет жылдам басу** арқылы жүзеге асырылады (саусағыңызды түймеден шығармай режимдерді ауыстыруды ыңғайлы ету үшін оны тез басыңыз. Бұл жағдайда әр басу дыбыстық сигналмен бірге жүреді).

Аспапты автоматты өшіру таймері бар.

Аспапты мәжбүрлеп өшіру үшін, Қосу/Өшіру түймесін басыңыз.

1. Sensitive режимі – «Тісті ұқыпты тазалау». Сезімтал тістер мен қызылиек үшін» режимі.

26 000 пульсация/мин; таймер 2 минут.

Режим күнделікті пайдалануға жарамды.

2. Clean режимі – «Тіс қағын тиімді кетіру»

30 000 пульсация /мин; таймер 2 минут

Аптасына 1 реттен артық пайдаланбау ұсынылады.

3. Deep Clean режимі – «Тазалау және эмальды мөлдірлету»

33 000 пульсация /мин; таймер 2 минут

Аптасына 1 реттен артық пайдаланбау ұсынылады.

4. Gum care режимі – «Қызылиек күтімі»

40 000 пульсация/мин; таймер 2 минут.

Режим күнделікті пайдалануға жарамды.

5. Polish режимі – «Жылтырату»

50 000 пульсация/мин; таймер 2 минут


Аптасына 1 реттен артық пайдаланбау ұсынылады.

6. White режимі – «Ағарту»

60 000 пульсация/мин; таймер 2 минут.

Айына 1 реттен артық пайдаланбау ұсынылады.

Таңдалған жұмыс режимі аспапта келесі жарықдиодты комбинациялармен көрсетіледі:



«Ұйқы» режимі: Егер щетка 5 секунд бойы қозғалыссыз тұрса, щетка «ұйқы» режиміне өтеді. Щетка бетінен көтерілгенде (тік немесе көлденең күйде болғанына қарамай), еңкейтілгенде немесе Қосу/Өшіру түймесін басқанда, қайта іске қосылады. Бұл ретте төменгі жарық индикаторы және жұмыс режимінің жарық индикаторлары жанады.

«Ұшу» режимі: бұл «ұшу» режимінде егер щетка көтерілсе/еңкейсе, тіпті Қосу/Өшіру түймесін басқанда да іске қосылмайды (Қосу/Өшіру түймесін басқанда, аспап корпусында төменгі жарық индикаторы және «ұшу» режимінің индикаторы жанады). Егер сіз щетканы өзіңізбен бірге алып жүрсеңіз және/немесе оны сөмкеге салсаңыз, бұл режим пайдалы болуы мүмкін, онда бөгде заттар кездейсоқ қосу/өшіру түймесін басуы мүмкін.

Бұл режимді іске қосу үшін «ұшақ» белгісі жасыл шамды жыпылықтай бастағанша қосу/өшіру түймесін басып, **3 секунд** ұстап тұрыңыз. Щетканың бұғатын ашу үшін Қосу/Өшіру түймесін басып, **3 секунд** ұстап тұрыңыз.

7. ЖҰМЫСҚА ДАЙЫНДЫҚ

1. Бүкіл қаптау материалын алып тастаңыз.
2. Аспапта көрсетілген кернеу желі кернеуіне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
3. Электрлік тіс щеткасын құрастыру.
Щетка саптамасын аспаптың жоғарғы жағына орнатыңыз.
Саптаманы аспапқа бекіту кезінде, тым көп күш қолданбаңыз. Аспап корпусы мен саптаманың арасында кішкене алшақтық болуы керек.
4. Электрлік тіс щеткасын зарядтау.

Зауыттан шыққан кезде, аспапта кіріктірілген аккумулятордың қалдық заряды болады.

Бірінші толық зарядтау алдында осы қалдық зарядты пайдаланыңыз (аспапты төменгі жарық қатты жыпылықтағанша зарядсыздандырыңыз).

Егер төменгі индикатор үнемі жыпылықтаса және аспап зарядтау базасында тұрмаса, бұл кіріктірілген батареяның заряды таусылғанын және зарядтауды қажет ететіндігін көрсетеді. Батареяны толық зарядтаңыз. Кіріктірілген батареясы таусылған аспапты сақтауға қоймаңыз.

Аспап кіріктірілген зарядтау құрылғысы бар магниттік төсемде емес

Жарық индикаторы (6):

- тұрақты көгілдір (көк) түспен жарқырайды: батарея заряды 20%-дан жоғары
- секундына 1 рет жыпылықтайды: батарея заряды 20%-ға тең немесе одан төмен
- 0.5 секундта 1 рет жыпылықтайды: батарея толық таусылды, аспап жақын арада өшеді.

Аспап кіріктірілген зарядтағышы бар магниттік төсемде орналасқан

Жарық индикаторы (6):


- көгілдір (көк) түспен секундына шамамен 1 рет жыпылықтайды: батарея зарядталады
 - тұрақты көгілдір (көк) түспен жарқырайды: батарея толық зарядталған.
- Егер аспап дұрыс жұмыс істесе, сіз кіріктірілген литий батареясының қызмет ету мерзімін ұзартасыз;

Кіріктірілген батареяны зарядтау үшін тіс щеткасының корпусын (тұтқасын) кіріктірілген зарядтағышпен магниттік тірекке қойыңыз:

USB-C сымы арқылы төсемді қуат адаптеріне қосыңыз (жеткізу жиынтығына кірмейді)

Магниттік төсемді кіріктірілген зарядтағышпен және бос тіс щеткасымен желіге қосқаннан кейін, щетканы қосу үшін кем дегенде 30 минут кетуі керек. Бір сағаттан кейін щетка дайын болады. Бірақ біз толық зарядталған батареясы бар тіс щеткасын пайдалануды ұсынамыз. Бұл аспапты пайдалану мерзімін ұзартады.

1. Тісті әр тазалар алдында қылшықтарды ағынды сумен жуып-шайыңыз, содан кейін тіс пастасының қажетті мөлшерін жағыңыз.



2. Тіс щеткасында алты тазалау режимі бар. Тіс щеткасын алғашқы пайдаланғанда SENSITIVE режимін таңдау ұсынылады.
3. Тазалауды аяқтағаннан кейін ауызды сумен мұқият шайыңыз, содан кейін тіс щеткасын жуып-шайыңыз. Бұл бактерияларды және қалған тіс пастасын кетіруге мүмкіндік береді.

8. АСПАПТЫ ПАЙДАЛАНУ




Щетка Сіз соңғы рет пайдаланған жұмыс режимін жадта сақтап қалады және тіс щеткасын келесі пайдалануда ол осы режимде болады. Басқаны таңдау үшін – дисплейде режимді ауыстырып-қосыңыз.



2 мин аяқталғаннан кейін тіс щеткасы автоматты түрде өздігінен өшеді. Бұл тісті 2 мин асырмай – стоматологтар ұсынған уақыт тазалуға мүмкіндік береді.

Тістерді тазалау процесін сапалы орындау үшін. щетканы ауыз қуысында шамамен 45° бұрышпен еңкейту керек. Ауыз қуысын ойша 4 бөлікке бөлуді ұсынамыз, әр бөлікті шамамен 30 сек тазалап, содан кейін щетканы басқа бөлікке жылжыту қажет. Осы уақытты басқарудың ыңғайлылығы үшін, щетка әр 30 секунд сайын жұмысын қысқа уақытқа (шамамен 1 секунд) тоқтатады.

2 минуттан кейін щетка автоматты түрде жұмысын тоқтатады.



Құрылғы бір түймемен басқарылады. Жұмыс режимдерін ауыстырып қосу / өшіру түймесін екі рет басу арқылы жүзеге асырылады.



Тіс щеткасы қондырмасын 3 айда 1 рет ауыстыруды ұсынамыз.




Кіріктірілген батареяны 100%-ға дейін зарядтаған соң, щетка бір зарядта 120 минутқа дейін жұмыс істейді.

9. ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ КҮТІМ.

- Әр пайдаланғаннан кейін қондырманы және щетка тұтқасын жылы ағынды сумен жуып-шаю керек. Қажет болған жағдайда, бетті тазалау үшін жұмсақ мата мен сабынды пайдалануға болады.

Тазалау үшін органикалық еріткіштерді және қазақ материалдарды, сондай-ақ щетка жабынын бүлдіруі мүмкін болатын үшкір заттарды пайдалануға тыйым салынады. Әр пайдаланғаннан кейін щетка қондырмасын шешіп алыңыз. Тіс пастасы қалдығын кетіру үшін тұтқаның жоғарғы бөлігін және сұққышты мұқият тазалаңыз. Содан кейін щетка кебуіне мүмкіндік беріңіз. Бұл аспаптың қызмет ету мерзімін едәуір арттырады.



- Егер қондырманы ауыстыру қажет болса, щетканың осы моделіне арналған түпнұсқалық қондырмаларды пайдалануды сұраймыз.




Ыдыс жуғыш машинада щетка саптамаларын, тұтқаны (аспап корпусын), зарядтау негізін жууға болмайды

10. САҚТАУ ЖӘНЕ ТАСЫМАЛДАУ

- Электр аспаптары қоршаған ауаның температурасы плюс 40°C-ден аспайтын, салыстырмалы ылғалдылығы 70%-дан аспайтын және қоршаған ортада электр аспаптар материалдарына теріс әсер ететін шаң, қышқылды және басқа да булар болмайтын жабық құрғақ және таза үй-жайда сақталады.
- Егер Сіз электрлік тіс щеткасын ұзақ уақыт бойы пайдаланбайтын болсаңыз, батареяны толығымен қуаттандыруды, оны электр қуат көзінен ажыратуды және щетканы күн сәулесінің көзі жоқ жабық құрғақ үй-жайда сақтауды сұраймыз.



Аспапты ауаның теріс температурасында сақтауға болмайды, тек қана жылытылатын үй-жайларда сақтау керек.



Тасымалдау

Электр аспаптарды нақты түрдегі көлікте қолданылатын жүктерді тасымалдау ережелеріне сәйкес көліктің барлық түрлерімен тасымалдайды. Аспапты тасымалдағанда зауыттық түпнұсқа қаптаманы пайдаланыңыз

Аспаптардың тасымалдануы оларға атмосфералық жауын-шашын мен жегі орталардың тікелей әсер ету мүмкіндігін болдырмауы тиіс.

11. КӘДЕГЕ ЖАРАТУ БОЙЫНША ТАЛАПТАР

Ескерту: Электр аспаптың пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін оны әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамай, ресми жинау пунктіне кәдеге жаратуға жіберіңіз. Осылайша Сіз қоршаған ортаны сақтауға көмектесесіз.

Бұйымдарды кәдеге жарату кезінде пайда болатын қалдықтар белгіленген тәртіппен және салалық нормативтік құжаттаманың қолданыстағы талаптары мен нормаларына сәйкес, оның ішінде СанЕжН 2.1.7.1322-03 «Өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыруға және залалсыздандыруға қойылатын гигиеналық талаптарға» сәйкес кейінгіде кәдеге жаратумен міндетті жинауға жатады

12. ЕГЕР СІЗДЕ МӘСЕЛЕ ТУЫНДАҒАН БОЛСА

Егер қандай болса да болымсыз мәселе туындайтын болса, әдетте оның пайда болуының себебі табылғанда, ол оңай шешілуі мүмкін.

МӘСЕЛЕ	ЫҚТИМАЛ СЕБЕБІ	ЫҚТИМАЛ ШЕШІМІ
Тіс щеткасының дірілі әлсірей түседі	Щетканың саптамасы мен щетканың корпусы арасындағы қосылыс тым тығыз	Қылқалам саптамасын алыңыз, содан кейін оны саптама мен корпус арасында ~1мм бос орын болатындай етіп қайта орнатыңыз
Тіс щеткасын толық зарядтағаннан кейін батареяның қызмет ету мерзімі қысқара түседі	Өтінеміз, щетканың зарядтау құрылғысына тігінен қойылғанына көз жеткізіңіз, кері жағдайда зарядтау тогының көзіне дұрыс қосылыс болмайды.	Щетканы тігінен қуаттандыру базасына орнатыңыз. Контактілерді негізде және щеткаларда тексеріңіз, қажет болған жағдайда, оларды тазалаңыз. Егер мәселе шешілмесе, батареяның қызмет ету мерзімі аяқталуы мүмкін. Құрылғының жұмысын диагностикалау үшін сервистік орталыққа хабарласыңыз.
Тіс щеткасын ұзақ уақыт пайдаланбағаннан кейін және оны желіге қосқан соң, қуат индикациясы бұрынғыдай жанбайды	Щетканы ұзақ уақыт (6 ай және одан ұзақ) пайдаланбау	Тіс щеткасын ұзақ уақыт пайдаланбағаннан кейін, батарея заряды таусылуы мүмкін, щетканы зарядтауға қосқаннан кейін, щетканы бұрынғы белсенді жұмыс режимін қалпына келтіру үшін, батареяға ~30 минут қажет
Тіс щеткасы жұмыс істемейді	Кіріктірілген батарея қуаты таусылған Щетка «ұшу» режимінде тұр	• Кіріктірілген аккумуляторлық батареяны зарядтаңыз • «Ұшу» режимін қосу/өшіру түймесін басып, 3 секунд ұстап тұру арқылы өшіріңіз

Щетка зарядталмайды	Кіріктірілген аккумуляторлық батареяның қызмет ету мерзімі аяқталды USB-C сымы немесе корек адаптері ақаулы	Щетка кәдеге жарату жөніндегі талаптарға сәйкес кәдеге жаратылуы тиіс Сымды және/немесе қуат адаптерін ұқсас сыммен ауыстырыңыз
------------------------	--	--



Сіздің құралды пайдалану кезінде өрттің, электрлік токпен зақымдану немесе жарақат алу қаупінің, сонымен қатар оның сынуының алдын алу үшін осы құралмен жұмыс кезіндегі сақтықтың негізгі шараларын, сонымен қатар электрлік тұрмыстық техникамен жұмыс кезіндегі қауіпсіздік бойынша жалпы нұсқауларды сақтаңыз.

Назар аударыңыз! Егер Сіз жоғарыда сипатталған қадамдар көмегімен мәселені өз күшіңізбен шеше алмасаңыз, POLARIS өкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

13. ТІС ЩЕТКАСЫН ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ ҰСЫНЫМДАР

1. Күн сайын таңертең және кешқұрым 2 минут бойы тістеріңізді тазалаңыз.
2. Тісті тамақ ішкеннен кейін 20 мин соң тазалаңыз. Бұл Сіздің тістеріңіздің эмалін қорғайды.
3. Сезімтал қызыл иекпен ауыз қуысын тазарту үшін, SENSITIVE (бірінші) режимін қолданыңыз.
4. Тіс аралық кеңістіктен тамақ қалдықтарын кетіру үшін жіпті пайдаланыңыз.
5. Ауыз қуысын тексерту үшін және тісті кәсіби тазалу үшін стоматологқа үнемі барып тұрыңыз. Бұл процедура тіс қағы мен тіс тастарын кетіреді, бұл сіздің тістеріңіздің саулығын сақтайды.

14. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

PETB 0303 – бұл POLARIS сауда маркасының электр тіс щеткасы

Жұмыс кернеуі: 7.4 В

Номиналды қуаты: 6 Вт

Зарядтау базасы

Шығыс: 5V DC, 1A

Режимдерді ауыстырып-қосу: сенсорлық

Көрсету режимі: LED жарық

Зарядтау уақыты: ~2.5 сағ

Зарядсыз жұмыс істеу уақыты: 120 мин

Литий батареясы 900 mA/h

Ылғалға төзімділік IPX7

Қорғау сыныбы – III.

Ескерту: Өзгерістер мен жақсартуларды енгізудің үздіксіз процесінің салдарынан нұсқаулық пен өнім арасында кейбір айырмашылықтар байқалуы мүмкін. Пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың өзекті нұсқасын Сіз www.polaris.ru сайтынан таба аласыз.

15. СЕРТИФИКАТТАУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Бұйым КО ТР 004/2011 «Төмен вольтты құралдардың қауіпсіздігі туралы», КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімдігі», ЕАЭО ТР 037/2016 «Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданудағы шектеулер туралы» талаптардың сәйкестігін растау процедурасынан өткен және Кедендік Одақтың мүше мемлекеттері нарығында бұйымдарды ұстаудың бірыңғай белгісімен таңбаланады.

Сәйкестік сертификатының/декларациясының нөмірі және оның қолданылу мерзімі туралы ақпаратты Сіз POLARIS бұйымын сатып алған жерде немесе өндірушінің Уәкілетті өкілінен ала аласыз.



Бұйымның қызмет көрсету мерзімі: 3 жыл

Кепілдікті мерзімі: сатып алған күннен бастап 3 жыл

Өндірілген күні бұйымда көрсетілген.

Өткізу ережелері белгіленбеген.

Дайындаушы: НИНБО ХЭНСФОРТ ОВЕРСИЗ ЭЙША ЛИМИТЕД

Мекенжайы: № 158 Доншан Лю, Хушан Чжидао, Цыси, Чжэцзян провинциясы, ҚХР
Manufacturer: NINGBO HANSFORT OVERSEAS ASIA LIMITED

No. 158 Dongshan Lu, Hushan Jiedao, Cixi City, Zhejiang Province, PRC

Зауытта:

ГУАНДУН РОМАН ТЕХНОЛОДЖИ КО., ЛТД, №.8, Кьюфинг Род, Боди Вилладж,
Чжан Мутуо Таун, Дунгуань Сити, Гуандун Провинсе, Қытай

At factory:

Guangdong Roman Technology Co., Ltd, No.8, Qifeng Road, Bodi Village, Zhang Mutou
Town, Dongguan City, Guangdong Province, China

Импорттаушы: «ЭйДжиАй Электроникс" ЖШҚ, 115419, Мәскеу қ., Орджоникидзе
көшесі, 11-үй, 3-құрылыс, 4-қабат 13-бөлме/үй-жай, Тел. +7 (495) 419-12-56

Өндірушінің РФ-ғы және Кеден Одағы мүше мемлекеттеріндегі Уәкілетті өкілі:

«ЭйДжиАй Электроникс" ЖШҚ, 115419, Мәскеу қ., Орджоникидзе көшесі, 11-үй, 3-
құрылыс, 4-қабат 13-бөлме/үй-жай, Тел. +7 (495) 419-12-56

Бірыңғай анықтама қызметінің телефоны: 8-800-700-11-78

16. КЕПІЛДІК МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

Бұйым: Электрлік тіс щеткасы

Модель: РЕТВ 0303

Осы кепілдік бұйымды сатып алудың расталған күнінен бастап 36 ай бойы әрекет етеді және «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Кедендік одаққа мүше мемлекеттерінің Заңына сәйкес бұйымға кепілді қызмет көрсетілуін білдіреді.

Өндірушінің кепілдік міндеттемелері «POLARIS» сауда белгісімен шығарылатын және кепілдік қызмет көрсету ұсынылатын елдерде өндіруші уәкілетті еткен елдерде сатып алынған барлық модельдерге таралады (сатып алу орнына тәуелсіз).

Бұйым пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа және қауіпсіздік жөніндегі ережелер мен талаптарды сақтауға қатаң сәйкестікте пайдаланылуы тиіс.

Осы кепілдік тауарды тұтынушыға бергеннен кейін пайда болған келесі кемшіліктерге қатысты болмайды:

Химиялық, механикалық немесе өзге де әсер ету, бөгде заттардың, сұйықтықтардың, жәндіктердің және олардың тіршілік ету өнімдерінің бұйымның ішіне түсуінен;

Бұйымды оның тікелей міндетінен тыс пайдалануында болатын қате пайдаланылуы, сондай-ақ Пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың және қауіпсіздік техникасы ережелерінің талаптарын бұза отырып, бұйымды орнату және пайдаланудан;

Құрамында минералды заттар көп мөлшерде болатын суды пайдалану салдарынан әк шөгіндісі, су тасы мен қақ шөгінділерінен.

Бұйымды ол арналмаған мақсаттарда пайдаланудан;

Қалыпты пайдалану, сонымен қатар функционалдық қасиеттеріне әсер етпейтін: сыртқы немесе ішкі бетінің механикалық зақымдануы (майысулар, сызаттар, ескірулер), металл түсінің табиғи өзгеруі, оның ішінде құбылмалы және қара дақтардың пайда болуы, сондай-ақ жабынды зақымдалған жерлерде және металдың жабылмаған учаскелерінде металл жемірілуінен;

Өңдеу бөлшектерінің, саптамалар мен аксессуарлардың, шамдардың, батареялардың, қорғаныс экрандардың, қокыс жинағыштардың, тығыздағыш элементтердің, белдіктердің, щеткалардың пайдалану мерзімі шектеулі басқа бөлшектердің және пайдалану барысында табиғи тозуға бейім бөлшектердің тозуынан;

Авторланған сервистік орталықтары* болып табылмайтын тұлғалар немесе ұйымдар өндірген бұйымды жөндеуіне;

Бұйымның тасымалдау кезіндегі, дұрыс пайдаланбау, сондай-ақ бұйымның конструкциясында көзделмеген модификациялармен немесе өз бетінше жөндеумен байланысты зақымдануларынан.

Саптаманы басқа фабрикалардың саптамаларына ауыстырғанда тіс щеткасы тұтқасының пайда болған бүлінуі.

Егер бұйымда паспорттық сәйкестендіру тақтайшасы болмаса немесе ондағы деректер өшірілген немесе түзетілген болса, өндірушіге кепілдікті міндеттеме жүктелмейді.

Осы кепілдік тек қана жеке тұрмыстық қажеттіліктер үшін жарамды және де коммерциялық, өнеркәсіптік немесе кәсіби мақсаттар үшін пайдаланылатын бұйымдарға қолданылмайды.

Назар аударыңыз!! Дайындаушы POLARIS бұйымымен адамдарға, үй жануарларына, қоршаған ортаға тікелей немесе жанама келтірілген зиян немесе егер бұл бұйымды пайдалану және орнату ережелерін немесе шарттарын сақтамау,

тұтынушының немесе үшінші тұлғалардың қасақана немесе абайсыз әрекеттері нәтижесінде болған жағдайда мүлікке келтірілген зиян үшін жауапты болмайды.

POLARIS бұйымдарына техникалық қызмет көрсету, сапаны тексеру, кепілдік және кепілдік жөндеу бойынша барлық сұрақтар бойынша жақын жердегі POLARIS қызмет көрсету орталығына немесе сатушыға – POLARIS өкілетті дилеріне хабарласыңыз

POLARIS бұйымдарына кепілді жөндеуді тек POLARIS авторландырылған сервистік орталықтары жүзеге асырады.

*Компанияның сайтындағы авторландырылған сервистік орталықтарының мекенжайлары: www.polaris.ru

Кепілдік жөндеу кезінде бұйымды сатып алу күнін растау немесе заңда көзделген өзге де талаптарды ұсыну үшін Сізден сатып алу туралы құжаттарды сақтауды сұраймыз.

Мұндай құжаттар POLARIS толтырылған кепілдік талоны, кассалық чек немесе Сатушының түбіртегі, сатып алу күні мен орнын растайтын өзге де құжаттар болып табылуы мүмкін.

Бұйымды сатып алу күнін растайтын құжат ұсынылмаған кезде, кепілдік мерзімі бұйым дайындалған күннен бастап есептеледі.

Дайындалған күні бұйымның артқы қабырғасындағы паспорттық сәйкестендіру тақтайшасында көрсетілген.

ГАРАНТИЙНЫЙ ТАЛОН / WARRANTY CARD	
Изделие / Item	Модель / Item no.
Серийный № / Serial no.	
Дата продажи / Date of purchase	
Фирма-продавец / Seller	
Подпись продавца / Seller's signature	
Печать продавца / Seller's stamp	
Покупатель / Buyer	
Адрес / Address	
Телефон / Telephone no.	